

Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыруды жоспарлау циклограммасы
Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК

Тобы: «Бөбек» әр түрлі жастағы тобы

Балалардың жасы: 2, 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.09.2024 жыл - 27.2024 жыл.

Тәрбиешілер: Курманбаева А.Н

Шулембаева Ж.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.09.2024	Сейсенбі 24.09.2024	Сәрсенбі 25.09.2024	Бейсенбі 26.09.2024	Жұма 27.09.2024
Балаларды қабылдау.	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, күзгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күндер туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту- сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Шаттық шеңбер (музыка тыңдау-шығармашылық әрекеті арқылы айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.)</p> <p>Аманбысың алтын күн! Аманбысын жарқын күн! Маған жылу жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер.</p> <p>Әңгімелесу: «Ойыншықтар» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу.) Міндеттері: ойыншықтар түрлерімен танысады, тотағы ойыншықтарды атайды. Сөздік қоры: ойыншық, ойын. Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында. Міндеттері: табиғат бұрышында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерді күтуде тәрбиешіге жан-жақты көмек көрсете алады. Ойын бұрышында тәртіп сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.</p>				
Ертеңгілік жаттығу	№ 1 Таңғы жаттығу кешені – (физикалық белсенділігін дамыту) «Көңілді жаттығу.»				
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орын білу, қолды дұрыс сүртіу және сүлгіні іліп қою, Тақпақ. (қазақ тілі-коммуникативтік, ойын әрекеті) Алтын, сары, қызыл, көк,				

	<p>Алуан-алуан жапырақ, Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару: тамақтану мәдінетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс , әдептіліке сақтау. Балалардың ұқыпшылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық	<p>Дидактикалық ойын: «Екі себет» (сөйлеуді дамыту көркем әдебиеті-коммуникативтік қызмет) Міндетті:көкөністер мен жемістерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру, ауызша сөйлеуді дамыту.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет.) Міндетті: жануарлардың атауын атайды, ойлау қабілеттерін дамытады.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап » (сенсорика негіздері-танымдық қызмет) Міндетті: әр пішіндердің көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету.Тілдерін дамыту.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Бұл не?» (сөйлеуді дамыту көркем әдебиет коммуникативтік қызмет) Міндетті: суреттен ойыншық аңдарды тануға, атауға үйрету дыбысын,жүрісін салуға үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Дыбыстар қайда орналасқан?» (сөйлеуді дамыту коммуникативтік) Міндетті: дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету.</p>
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>«Жұбын тап» ойын: (2 жас) Сенсорика , математика негіздері Міндеті:ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындау. Сөздік қоры:көбелек. (3 жас) « Өлшемі бойынша салыстыр» ойын Міндеті :заттардың санын ажыратуға үйрету.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті.(3 жас) «Бұл қай ертегінің кейіпкері» ойыны Міндеті: кітаптарға қызығушылықты ояту. Сөздік қоры : мақта қыз . (2 жас) «Мақта қыз бен мысық » ойыны Міндеті:балалардың жастарына сәйкес</p>	<p>(3 жас) Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) (2 жас) «Қағып ал» Міндеті:қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттықтыру. Сөздік қоры: доп.</p>	<p>Сенсорика математика негіздері(2 жас) «Кім жылдам құрастырады?» ойыны. Міндеті:ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындау. Сөздік қоры. көлік. (3жас) «Бұл не екенін ойлап тап» ойыны</p>	<p>Музыка «Күз туралы ән жаттау» ойыны (2жас) Міндеті:музыкаға деген қызығушылықты ояту ән айтуға орындауға баулу. Сөздік қоры: күз . (3жас) « Күз» Міндеті:музыкалық шығарманы тыңдауға үйрету. Сөздік қоры. күз. Сөйлеуді дамыту,</p>

	<p>Сөздік қоры: үлен-кіші.</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті. «Ұқсас затты тап» ойыны. (2 жас)</p> <p>Міндеті: балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға байланыстыру.</p> <p>Сөздік қоры: жиһаз. «Көбелектер гүлге қонды» ойыны: (3) жас</p> <p>Міндеті: балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.</p> <p>Сөздік қоры: көбелек.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру. «Бүгін қандай ауа-райы?» ойыны. (2жас)</p> <p>Міндеті: заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.</p> <p>Сөздік қоры. күз. (3жас)</p>	<p>көркем шығармалар оқу.</p> <p>Сөздік қоры: мақта қызбен мысық. Дене шынықтыру. «Кептерді қуып жет» ойыны (2 жас)</p> <p>Міндеті: шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.</p> <p>Сөздік қоры: лента.</p> <p>Дене шынықтыру «дене шынықтыру (нұсқаушысының жоспары бойынша)</p> <p>Сенсорика математика негіздері «Әдемі кілемшелер» ойыны</p> <p>(2жас)</p> <p>Міндеті: қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет. (2 жас)</p> <p>«Күздік киімдерді ата» ойыны</p> <p>Міндеті: ойыншық киім сөздерін дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: күздік киімдер.</p> <p>(2 жас)</p> <p>«Кімде не бар?» ойыны.</p> <p>Міндеті:заттарды жалпы (ойыншықтар, киім,) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздерімен байыту.</p> <p>Сөздік қоры: ойыншық.</p>	<p>Міндеті: «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p> <p>Сөздік қоры. автобус.</p> <p>Қазақ тілі «Ойыншықтар» ойыны. (3 жас)</p> <p>Міндеті : ортақ тақырыпта әңгімелесуге сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p> <p>Сөздік қоры:қуыршақ.</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Ғажайып ертегі» ойыны. (2жас)</p> <p>Міндеті :балаларды затесімнің көпше түрін қолдануға байланыстыру.</p> <p>Сөздік қоры:шалқан ертегісі. (3жас)</p> <p>«Қасқыр мен түлкі» ойыны</p> <p>Міндеті:балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.</p> <p>Сөздік қоры: қасқыр мен түлкі.</p>	<p>көркем әдебиет. «Кім бірінші атайды?» ойыны (2жас)</p> <p>Міндеті:балаларды бесік жырларын, халық әндерін шығармаларды тындауға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: бесік. (3 жас)</p> <p>«Қайсысы артық?» ойыны.(3жас)</p> <p>Міндеті:таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру.</p> <p>Сөздік қоры: түлкі. Сенсорика ,математика негіздері (2 жас)</p> <p>«Үйдің есігін жабайық» ойыны.</p> <p>Міндеті: заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сөздік қоры: есік. (3жас)</p> <p>«Бұл не екенін ойлап тап» ойыны</p> <p>Міндеті: сан. «көп » «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Сөздік қоры : көп.</p>
--	--	--	---	--	---

	«Көкөністер мен жемістерді жина» ойыны. Міндеті: әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Сөздік қоры: алмұрт.	үйлесімділігін дамыту. Сөздік қоры: кілемшелер. « Үй құрылысының ретін көрсет » ойыны (3жас) Міндеті: қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу. Сөздік қоры: үй.		Дене шынықтыру «Өзіне жұп тап» ойыны .(2 жас) Міндеті: Сөздік қоры: Дене шынықтыру(дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)	
№ 1 серуенге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу. Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық ойын жабдықтары мен спорттық жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Балаларды реттілікпен киінуін (ауа райына байланысты) бақылау (сөйлеу дамыту өзіне өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
№ 1 серуен	Ағаштарды бақылау Мақсаты: Балабақшаның ауласында өсіп тұрған ағаштарды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Ағаштардың бір - біріне қандай	Бақылау: бұлтты бақылау. Мақсаты: бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату. Еңбек: топтағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып	Бақылау: құстарды бақылау. Мақсаты: көктемде құстардың жылы жаққа ұшып келгендігі туралы айту. Еңбек: құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап - сары боп келе жатқан, Сезді мекен күзді олар. Қарлығаштар ұшып	Бақылау: желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқыш соққан жел. Желдің күштілігі ауа - райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор	Бақылау: жаңбырды бақылау. Мақсаты: жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптеріне қар жинау. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.

	<p>ұқсастығы бар? Айырмашылығы қандай? Ағаштардың қандай пайдасы бар? Қалың ағаш өсетін жерді қалай атайды? Орманды қалай сақтау керек? Орманды қорғайтын адамдарды қалай атайды? Жеке жұмыс: «Орманшы» Орманшы менің нағашым, Лайлатпайды тұнығын, Омырауында үлкен дүрбісі. Ауырлатпайды ауасын. Аралап орман арасын, Көрсен де қашан, қай түні, Түспейді аттан бұл кісі. Айтатын сөзі әйгілі: Шырылдатып шыбығын, - алың халық саулығы! Аңыратпайды ағашын. Көк орман - Отан байлығы! Дидактикалық ойын: «Қай ағаш екенін тап»</p>	<p>Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. Қимылдық ойын: «Соқыр теке» Дербес ойындар: 1. Әткеншек тебу. 2. Тартылғышқа тартылу.</p>	<p>келді, Ұшып кетті тырнарлар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Аттамақ» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік</p>	<p>болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у - у - у. Құйын келіп билейді зу - зу - зу Қатты - қатты жел соқты гу - гу - гу, Жапырақтар қол соқты ду - ду - ду. Қимылдық ойын: «Орамал тастау»</p>	<p>Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден күйғандай Көл - көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Сұр қоян» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Сазбалшықтан «Тәтті тоқаштар» пісірейік.</p>
--	---	---	---	---	--

	<p>Мақсаты: тәрбиешінің берген нұсқауымен аталған ағашта табу. Еңбек: ағаштар түбінің топырағын қопсыту. Мақсаты: балаларға ағаш түптерін не үшін қопсыту керектігін түсіндіру, ағаштарды күтуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім ағашқа бұрын жетеді». Мақсаты: Берілген белгі бойынша тез жүгіруге жаттықтыру, мақсатқа жетуге деген ынталарын арттыру. Еңбек: ағаштардың діңгектерін (жерін, топырағын) қопсыту. Жаттығу ойындары: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: балаларды допты баскетбол ойынындағыдай қимылмен алып жүруге және лақтыруға жаттықтыру. Мақал - мәтел: -</p>				
--	---	--	--	--	--

	Адамның күдіреті жүрегінде, Ағаштың күдіреті түбірінде.				
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу.				
Түскі ас	<p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою</p> <p>Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.(көркем сөзін қолдану)</p> <p>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару : тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс, этикет ережелері. Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.</p> <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Ертегі оқу. «Бауырсақ»</p> <p>Мақсаты: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау. Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту. Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу. (көркем әрекет-коммуникативті қызмет)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тында</p>				
Біртіндеп ояну, сауықтыру шаралары	<p>№ 1 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету</p> <p>Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
Бесін ас	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)</p> <p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)</p>				

	<p>Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!</p>				
Балалардың дербес іс- әрекеттер	<p>Дид. ойын «Алма» (2жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекет) Міндеті: дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу. Сөздік қоры: алма.</p>	<p>Дид. ойын «Көлеміне қарай таңда» (3жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру мүсіндеу-ойын , шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекет) Міндеті:құрастыру дағдыларын дамыту,негізгі құрылыс кірпіштер,текшелер, ұшбұрыштар ажырата білуге үйрету, атауға және қолдануға үйрету. Сөздік қоры: үй.</p>	<p>Дид.ойын: «Қоян» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті:қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Сөздік қоры:қоян.</p>	<p>Дид.ойын: «Қияр» (3жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті:көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Сөздік қоры: қияр.</p>	<p>Дид.ойын: « Доп» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті:балалардың сазбалшықты, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Сөздік қоры: доп.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б.(сөйлеудің дамыту, математика негіздері)</p>				

	<p>Д/ойын «Шаштараз»(сөйлеу дамыту коммуникативтік қызмет) Міндеті: рөлге бөлініп ойнай білу дағдыларын үйрету, сөздік қорларын дамыту. 2 жас Амангелді Алуа. Амантай Әмина. Жакупбекова Айша Қанат Дарын Тасболат Ұлан</p>	<p>Д/ ойын «Төлдерін ажырат» (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет) Міндеті: Суреттерге қарай, үй жануарларының төлдерін табу . 3 жас Глобенко София Ашмухатова Айсана Гуменяк Милана Жұматай Шах-Керім</p>	<p>Д/ойын: «Даусын тап» (сөйлеуді дамыту- ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет) Міндеті: ұшақтың, кеменің, машинаның даусын естіп, қай көлік екенің табу 2 жас Слипченко Макар Курманбаев Нияр Есен Бекзат</p>	<p>Д/ойын: «Балабақша» (сөйлеуді дамыту ойын, әлеуметтік және коммуникативтік қызмет) Міндеті: қиынды суреттермен жұмыс жасауға үйрету. 3 жас Досанов Ислам Утенова Тамила Хажбатыров Джахар</p>	<p>Д/ойын: «Артығын тап» (сөйлеуді дамыту) Міндеті: суреттер салынған плакаттан көліктерге қатысты жоқ заттарды белгілеу. 2 жас Тағар Темірлан Ержан Батыр Закревская Лиана</p>
--	---	---	--	--	---

Кешкі ас	<p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Үлкендердің – көмекшінің, мұғалім мен аспаздың еңбегін құрметтеп, бағалауды үйренеді.</p> <p>Сөздік қоры: Рахмет. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.</p>				
№ 2 серуенге дайындық	<p>Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)</p>				
№ 2 серуен	<p>Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті.</p>				
Кешен №1 бекіту Қимылды ойын: «Кім көп таспа жинайды» Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	Қимылды ойын: «Жалаушаны тауып әкел» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	«Өз үйінді тап» Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	Қимылды ойын: «Көжектер мен тұлкілер» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	
Балалардың үйлеріне қайтуы	<p>Ата-аналармен жұмыс: балалармен жасаған жұмыстар туралы әңгімелесу. Сөздік қоры: Сау болыңыз! Сау бол!</p>				

23.09.24 н
Тексерілгені:
Сабашова
Сабашова У.А.